

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУДЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

ТАБЫЛДИЕВА О.Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, «Тарих және философия» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Сан ғасырлық отандық тарихымыздың қайнар бастауында әрдайым Тәуелсіздік деген қасиетті ұғымның шоқтығы биік тұрды. Өткендегі және бүгінгі тарихымызға зер салсақ, өз елінің азаттығы үшін арпалысқан ұлы тұлғалардың арман мақсаты да болды.

Халықтың халықтық белгісі – жауға тойтарыс берер ұлы мен қызының молшылығында болса керек. Біздің қалың қазақ, оның ішінде киелі Маңғыстау өңірі асқақ ерлікпен жерін қорғап, елге танылған айбынды ерлері Досан және Иса батырларымен шынайы мақтана алады. Батырдың ғұмыры қысқа болғанымен, ерлігі мен даңқы мәңгілік халық жадында сақталады.

Еліміз егемендігін алып өз алдына дербес отанын құрған шақта бұрынғы өткен сан ғасырлық тарихымыздың ақтандақ беттерін танып, жан-жақты саралау үшін тарихта аты қалған батыр бабаларымызға оң бағасын білуіміз керек.

«XVIII-XIX ғасырда патша өкіметі қазақ ұлтын өзіне біржақты бағындырып алып, сосын «қазақ-көпір» арқылы Азияға өту жолын қарастырды. Дәуірлеп келе жатқан орыс байларының сауда капиталымен жауласам деп, Кіші жүздің бір жүз жарым жылдай тарихы қанмен жазылғандай болды», - дейді қазақ зиялысы Халел Досмұхамедұлы.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Маңғыстау халқы патша өкіметінің отарлық басқару жүйесіне тартыла бастады. Алғашқыда Маңғыстау қазақтары ресейлік басқарылуға түгелдей қамтылмады, батыс бөлігіндегі 52-дистанцияға адай руының төрт аталығы (қырық мылтық, түркпен-адай, құнан-орыс, балықшы) және Үстірттің оңтүстігін мекендеген Кіші жүздің басқа да бөліктері енгізілген болатын. Кіші жүз территориясына орыс бекіністері салынған сайын, Маңғыстаудағы адайлардың патша өкіметіне бағындырылуы күшейе түсті. 1867 жылы Адай қазақтары Жоғарғы дистанция деп аталынған әкімшілік жүйелік бірлікке біріктірілді. Бірақ, көп

ұзамай бұлайша басқарудың қиындығына байланысты екі дистанцияға бөлініп басқарылды. Маңғыстау Адайларының бес аталығы Төменгі дистанцияға, ал Үстіртті мекендеген Адайлар-Жоғарғы дистанцияға бағындырылды.

Маңғыстаудағы патшалық әкімшілік биліктің өзіндік ерекшелігі болды. Маңғыстауды отарлау мен Ресейлік әкімшіліктің басқа аймақтардағы өзгешелігі - приставтықтың құрылуы болып табылады. Приставтық – Россия империясында қабылданған әкімшілік бөліктерге бөлу жүйесіндегі біртұтас қабылданған бірлік емес еді. Сол себепті де оны енгізу патша үкіметінің өзіне бағынышты әрі шекаралық стратегиялық аймақ болып табылатын территориясындағы әскери-полициялық биліктің айқын белгісі болды. Әкімшілік реформалар Маңғыстаудың әкімшілік-территориялық бағыныштылығын бірнеше рет өзгертті. Әрбір өзгеріс әскери-полициялық бақылауды күшейту және түбек халқын қазақ халқының негізгі бөлігінен айыру бағытында жүргізілді. Уездегі көшпелі халық болыстарға бөлінді, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Болыстар мен ауылдарға кіретін үй басы санын облыстық басқарма бекітті. Болыстарды болыс басшылары, ал, ауылдарды – ауыл ақсақалдары биледі. Сондай-ақ, Маңғыстау халқындағы әкімшілік билік жүргізудің Қазақстанның басқа өңіріне қарағандағы тағы бір өзгешелігі болыстарды құруда болыс басшыларын, ауыл старшындарын, тіпті билердің өзін отаршыл әкімшіліктің тағайындауынан көрінді. Қазақстанның өзге аймақтарында жергілікті билеушілерді формальды түрде болса да, сайлап қоюшы еді. Олар 3 жыл мерзімге халықтық сайлау арқылы сайланатын. Ал, Маңғыстауда оларды патшалық әкімшілік тағайындады.

Маңғышлақ приставтығы 1861-1881 жылдар аралығында (кейіннен болыс, уезд, облыс, губерния ретінде) өмір сүрді.

1870 жылғы Маңғыстаудағы оқиғалар патша үкіметінің барлық жағдайды жан-жақты есептей отырып, тыңғылықты әзірлеген әскери операциясы, Хиуа жорығының алдындағы кең қарымды әскери жаттығуы екендігін аңғартады. Ол болашақта кездесуі мүмкін кедергілерді алдын ала істен шығаруды, соны пайдаланып, болашақ жорыққа керек әскери күштерді қажетті плацдармға жеткізіп, психологиялық әзірліктерге алдын ала кірісе беруді көздеген сияқты. Сол арқылы маңғыстаулықтардың жігерін жасытып, хиуалықтардың күдерін үздіре түсу мақсат болғандай. Егер бұл қанды оқиғалар жаңа пристав Рукиннің 1870 жылдың 15 наурызында қарулы әскермен ел арасына аттанғанынан басталғанын ескерсек, Маңғыстау даласы тоғыз ай бойы жазалаушылардың табанында жатты.

Кейбір деректерге қарағанда, 1870 жылы Маңғыстауда 40 мыңға жуық шаңырақ адайлар тұрды және олар екі жыл ішінде 160 мың сом шаңырақ салығын төлеуге тиіс еді. Бұл салық тарихта «түтін салығы», «шаңырақ салығы», немесе «үй салығы» деген атаумен белгілі. Бұл салық тең

дәрежеде, халықтың әлеуметтік жағдайына қарамастан яғни қатардағы жеркепе, лашық иелерінен де және ауқатты отбасыларынан да бірдей көлемде жылына бір рет жиналды. Салық жинау арқылы дистанциялық бастықтар мен ауыл старшындары қарапайым қара бұқараны қанап отырды, салыққа ақша бере алмағандардың малы алынды.

Қозғалысты басуға басшылық жасау қолына шоғырландырылған граф Кутаисов «ең жабайы, дөрекі және жауынгер қазақтарды» тыныштандырудың өз жоспарын ұсынды. Ол жоспар бойынша «елдің ішіне тереңдей еніп, онда жергілікті адайлар өздерінің көшуі үшін қажет болған кезде айналып өте алмайтындай бекіністерді алдын ала басып алып, бағынуға мәжбүр ету көзделді. Естеліктерге сүйеніп еске алсақ және әр уақыттарда қағаз бетіне түсіп жүрген деректерге көз жіберсек жазалаушылар бүкіл Маңғыстау жеріндегі бүкіл қазақтарды жаппай жазалаған. Олардың көтеріліске қатысы барма жоқ па оны олар елеп-ескермеген. Көзіне көрініп, кездескен қазақтардың барлығын жау деп есептеген.

Сөйтіп бұқаралық сипатына қарамастан Көтерілістің негізгі қозғаушы күші - қазақ шаруалары өз қатарларын берік біріктіруге қол жеткізе алмады, мұның өзі саны жөнінен болмашы жазалаушы отрядтардың халық қарсылығының негізгі ошақтарын тұншықтыруына мүмкіндік берді. Нәтижесінде халық наразылығы, қару күшімен басып-жаншылды.

Ел бүтіндігі мен тұтастығы ең басты құндылыққа айналып тұрған қазіргідей заманда жер тұтастығы жолында жан салып, жан берген, өз тұсындағы қазақ қауымының қабырғалы қайраткері бола білген айбынды арыстарға бүгінгі тәуелсіз ұрпақтың тәу ете бас июі әбден сүйінішті. Өз аталарымыздың аманаты алдында, ел еркіндігі үшін қыршын кеткен боздақтар рухы алдында әрқашан тағзым етуге тиіспіз.

В статье были описаны политические и социальные изменения, касающиеся истории Мангистау второй половины XIX века.